



«Республикалық ғарыштық байланыс
орталығы» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
«28» қазан 2025 ж. № 15/2025
шешіміне қосымша

**«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒАРЫШ БАЙЛАНЫСЫ ОРТАЛЫҒЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ 2024 ЖЫЛҒА
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП**

Астана қ.

МАЗМҰНЫ:

1-БӨЛІМ.	«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	3
2-БӨЛІМ.	«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының үндеуі	5
3-БӨЛІМ.	«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы туралы	7
	Жалпы мәліметтер	7
	Жарғылық капиталдың құрылымы	7
	Миссия	8
	Даму жоспары, оны жүзеге асыру нәтижелері	8
	Нарыққа шолу және нарықтағы жағдай	10
4-БӨЛІМ.	Есепті жылдағы қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы	12
	«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының кірістері	12
	«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы қызметінің негізгі бағыттары бойынша экономикалық нәтижелер	13
	Қаржылық нәтиже	13
5-БӨЛІМ.	Активтердің құрылымы, шолу, олардың қаржылық және операциялық қызметінің негізгі қорытындылары	13
6-БӨЛІМ.	Болашақ кезеңдердің мақсаттары мен жоспарлары	14
	Болашақ кезеңдерге арналған негізгі мақсаттар	15
7-БӨЛІМ.	Тәуекелдің маңызды факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі	15
	Негізгі мақсат	16
	Негізгі тәуекел факторлары	
8-БӨЛІМ.	Корпоративтік басқару	19
	Корпоративтік басқару құрылымы	19
	«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамы	19
	«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамы	23
	Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу саясаты	26
9-БӨЛІМ.	Тұрақты даму	27
10-БӨЛІМ.	Сыртқы аудитордың қорытындысы және ескертпелері бар қаржылық есептілік	30

**1- БӨЛІМ. «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒАРЫШ БАЙЛАНЫСЫ ОРТАЛЫҒЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ
ҮНДЕУІ**



Құрметті әріптестер, серіктестер, клиенттер!

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы («РҒБО»/Қоғам) Қазақстан Республикасының цифрлық экономикасының тұрақты дамуына үлес қосу бойынша миссиясын жалғастыруда. Жерсеріктік технологияға негізделген әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыру арқылы біз цифрлық теңсіздікті жоюға және халқы аз қоныстанған шалғай ауылдардағы өмір сүру сапасын жақсартуға елеулі үлес қосудамыз. 2024 жылы «KazSat-3» қазақстандық ғарыш аппаратының ресурстары негізінде жерсеріктік хабар таратуды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының халқы аз қоныстанған 176 ауылдық елді мекенінде (ҚР АЕМ) Wi-Fi HotSpot технологиясы (SMS авторизациясымен қоғамдық WiFi) арқылы Интернетке қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

2024 жылы «РҒБО» АҚ меншікті тірек жерсеріктік байланыс желісін құру және пайдалануға енгізу және Қазақстан Республикасының 176 АЕМ Интернетке кең жолақты қолжетімділікті ұсыну қызметтерін өз жерсеріктік желісіне көшіру бойынша барлық жұмыстарды аяқтады.

2024 жылы бұрын цифрлық қолжетімділіктен тыс қалған ауыл мектептерін қосуға ерекше көңіл бөлінді. Цифрлық ресурстарға қолжетімділік – олардың орналасқан жеріне қарамастан, әрбір бала үшін сапалы білім мен тең мүмкіндіктердің негізі деп санаймыз.

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде мен Қоғамның бүкіл командасына олардың кәсібилігі, іске адалдығы мен жоғары жетістіктерге ұмтылғаны үшін шын жүректен алғыс айтамын. Сіздің еңбегіңіздің арқасында «KazSat» ғарыштық байланыс жүйесі бірқалыпты жұмыс істеуде, ал «РҒБО» АҚ әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуде мемлекеттің сенімді серіктесі болып қала береді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша «РҒБО» АҚ 3,8 млрд теңге таза пайда әкелді, «KazSat» ғарыштық байланыс және хабар тарату жүйесіне қызмет көрсетуден түскен кіріс 7,6 млрд теңгені, ал республикалық бюджетке түсетін салық және басқа да міндетті төлемдер 2,8 млрд теңгені құрады.

Бүгінгі күннің сын-қатерлері бізден отандық ғарыштық байланыс және хабар тарату жүйесін, халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту бойынша дұрыс шешімдерді талап етеді.

Алда жаңа жобалар күтіп тұр, бізде 2029 жылы «KazSat-3» ғарыштық байланыс жүйесін уақтылы алмастыруды қамтамасыз ету бойынша жауапкершілік жатыр, бұл

үшін ағымдағы 2025 жылы «KazSat – 3R» ғарыштық байланыс жүйесін құру бойынша перспективалы жобамен жұмыс істеуге барынша күш салу қажет.

Қазақстан Республикасының мүддесі үшін ғарыштық байланыстың перспективалық технологияларын қолдану жөніндегі міндет бұрынғысынша өзекті болып қала береді, геостационарлық емес кең жолақты жерсеріктік байланыс жүйелерінің провайдерлерімен жұмыс жалғасуда.

Директорлар кеңесі алдағы уақытта да тұрақты жұмыс істеуге және «РҒБО» АҚ одан әрі дамуына ықпал ететін шешімдер қабылдауға ниетті. Ғарыштық байланыс мамандары Қазақстанның ғарыш саласындағы үздік компаниясының қалыптасқан дәстүрлерін сақтап, озық технологияларды енгізу, қызметтер көрсету сапасын арттыру, жаңа табыс көздерін іздеу, ұжымда жоғары жұмыс қабілеттілігін және жақсы микроклиматты сақтау арқылы оның тұрақты дамуын жалғастыратынына сенімдімін.

Директорлар кеңесі атынан «РҒБО» АҚ барлық әріптестеріне, серіктестері мен клиенттеріне қол жеткізген нәтижелері, іске адал көзқарасы үшін алғысымды білдіремін, амандық пен жаңа еңбек табыстарын тілеймін.

**Құрметпен,
Директорлар кеңесінің төрағасы
Б.Ж. Оралмағамбетов**

2-БӨЛІМ. «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒАРЫШ БАЙЛАНЫСЫ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті директорлар кеңесінің мүшелері, әріптестер, серіктестер, достар!

Кәсіби ұжымның үйлесімді жұмысының арқасында есепті кезеңде екі «KazSat-2» және «KazSat-3» байланыс жерсеріктерінен тұратын «KazSat» ғарыштық байланыс жүйесінің (ҒБЖ) штаттық жұмыс істеуі қамтамасыз етіліп, олардың жүктемесі тиісінше 53,67% (463,74 МГц) және 89,44% (1159,22 МГц) құрады. «KazSat» сериялы ғарыш аппараттарының транспондерлік сыйымдылығының жиынтық жүктемесі – 1 622,96 МГц құрады.

Сондай-ақ, есепті жылы біздің қызметіміздің негізгі бағыттарының бірі «KazSat» жеке ғарыштық байланыс жүйесін, сондай-ақ жаһандық геостационарлық емес жерсеріктік байланыс жүйелерін пайдалана отырып, аз қоныстанған шалғайдағы ауылдар мен мектептердің Интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді іске асыру болды, бұл өңірлерді цифрландыруға және азаматтарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға елеулі үлес болды.

Осылайша, 2024 жылы Қазақстан Республикасының 176 ауылдық елді мекенінде (ҚР АЕМ) Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету жалғастырылып, «KazSat» ҒБЖ ресурстары базасында «Starlink» технологиясын қолдана отырып 1812 мектеп қосылды.

2024 жылы Қоғам «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ-ның меншікті тірек жерсеріктік байланыс желісін құру және пайдалануға беру және ҚР 176 АЕМ Интернетке кең жолақты қолжетімділікті ұсыну қызметтерін өз жерсеріктік желісіне көшіру бойынша барлық жұмыстарды аяқтағанын атап өтемін.

Ғарыш аппараттарын тәулік бойы басқаруды жерүсті басқарудың негізгі кешені – Ақмола облысындағы «Ақкөл» ғарыштық байланыс орталығы (ҒБО) және Алматы облысындағы «Көктерек» резервтік ҒБО мамандары жүргізеді.

«KazSat» байланыс жерсеріктерінің ресурстарын бүгінде 18 тұрақты тапсырыс беруші пайдаланады, олардың ішінде мемлекеттік органдар, ҚР телекоммуникациялық операторлары, ұлттық компаниялар, күш құрылымдары және елдің барлық аумағында әртүрлі топологиядағы дамыған жерсеріктік байланыс желілері бар жеке компаниялар бар. Қазіргі уақытта біздің компания Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан Республикасына қызметтер экспортын жүзеге асырады.

«KazSat-3» пайдалану мерзімі 2029 жылы аяқталады. Жерсерікті уақтылы алмастыруды қамтамасыз ету үшін алдын ала жобалау жұмыстары 2024 жылы

басталды. Биылғы жылы Қоғам күш-жігерін жаңа жерсерікті құру және оны 2029 жылы пайдалануға енгізу жөніндегі стратегиялық маңызды міндетке жұмылдырады.

Бұл отандық ғарыштық байланыс жүйесін дамыту және Қазақстанның цифрлық егемендігін нығайтудың негізгі жобасы. Бұл жобаның жүзеге асуы ғарыштық байланыс жүйесін одан әрі дамытудағы елеулі қадам болатынына сенімдімін. Біз осы стратегиялық бастаманы бірлесіп қаржыландыруда үкіметтің қолдауына сенеміз, өйткені бірлескен күш-жігеріміз арқылы біз ұзақ мерзімді перспективада тұрақты және сенімді цифрлық инфрақұрылымды қамтамасыз ете аламыз.

Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен жұмыс тиімділігі жылдың оң нәтижесін қамтамасыз етті. 2024 жылдың қорытындысы бойынша «РГБО» АҚ 3,8 млрд.теңге мөлшерінде таза пайда тапты. Бұл бізге пайданың бір бөлігін ұлттық экономиканың дамуына үлес қоса отырып, бюджетке дивидендтер төлеуге бағыттауға мүмкіндік береді.

ҚР Үкіметі қойған елді цифрландыру жөніндегі, оның ішінде білім беру процесін цифрландыру қарқынын жеделдету жөніндегі мемлекеттік міндеттерге байланысты «РГБО» АҚ ұжымы Қазақстан Республикасының мүддесінде жаңа буын жерсеріктік жүйелерін қолдану бойынша геостационарлық емес кең жолақты жерсеріктік байланыс жүйелерінің провайдерлерімен ынтымақтастықтың ықтимал нұсқаларын пысықтауды жалғастыруда.

Біз жаңа төмен орбиталық қызметтерден де, дәстүрлі геостационарлық шешімдерден де бас тартпай, барлық ашылатын мүмкіндіктерді пайдаланатын боламыз. «РГБО» АҚ әр түрлі орбиталардағы жерсеріктік байланыс жүйелерін бір-біріне толықтыру ретінде барынша пайдаланып, өзін жерсеріктік шешімдердің интеграторы ретінде қарастырады.

Біздің кәсіпорынның ғарыштық байланыс және хабар тарату жүйесін құру және пайдаланудағы көпжылдық тәжірибесі, «РГБО» АҚ мамандарының қуатты және ұйымшыл ұжымы бізге ғарыш жүйелерін одан әрі жетілдірудің жаңа талаптарына ілесуге мүмкіндік береді.

Жалпы, 2024 жылғы нәтижелер «РГБО» АҚ Қазақстан Республикасының цифрлық экономикасын, бизнесті және ел халқының әл-ауқатын тұрақты дамытуда маңызды рөл атқаратын Жалғыз акционер алдына қойған міндеттерді сәтті орындайтынын көрсетті.

«РГБО» АҚ Басқармасы өз қызметкерлерінің кәсіби деңгейі, әлеуметтік жауапкершілігін қолдау, компания серіктестерімен жемісті ынтымақтастықты нығайту, жаңа ғарыштық технологияларды пайдалану саясатын жалғастырады, бұл бізге Қазақстан Республикасының ғарыш саласының жетекші кәсіпорны ретіндегі мәртебесін сақтауға және нығайтуға мүмкіндік береді.

**Құрметпен,
Басқарма төрағасы
М.Қ. Жүйріктаев**

3-БӨЛІМ. «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒАРЫШ БАЙЛАНЫСЫ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ТУРАЛЫ

Жалпы мәліметтер

«РҒБО» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы № 1355 «Ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату жерсерігін құру мен ұшырудың кейбір мәселелері» қаулысына сәйкес құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес «РҒБО» АҚ акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті (ҚР ЦДИАӨМ) жүзеге асырады.

«РҒБО» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Жарғысы және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ ішкі құжаттар негізінде жүзеге асырады.

«РҒБО» АҚ Жарғысына сәйкес, байланысты ұйымдастыру үшін жерсеріктік телекоммуникациялар саласындағы қызметті жүзеге асырады, оған мыналар кіреді:

- ғарыштық байланыс жүйесін техникалық пайдалануды қамтамасыз ету;
- байланыс қызметтерін, оның ішінде ғарыш аппараттарының транспондерлерін ұсыну бойынша қызметтер көрсету;
- жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ақпараттық-коммуникациялық жүйелерге кең жолақты қолжетімділік қызметтерін көрсету;
- жоғарыда көрсетілген қызметтермен технологиялық байланысты қызмет түрлері.

«РҒБО» АҚ басқа елдер мен қалаларда филиалдары мен өкілдіктері жоқ, бірақ Алматы облысында және Ақмола облысының Ақкөл қаласында өзінің құрылымдық бөлімшелері бар.

Қоғамда сапа менеджменті жүйесі (бұдан әрі – СМЖ) енгізілген және Қоғам халықаралық және қазақстандық стандарттың (ISO 9001 және ҚР СТ ИСО 9001) талаптарына сәйкестігіне сертификатталған. СМЖ қолдау мақсатында 3 жылда бір рет СМЖ сертификаттау аудиті жүргізіледі және кейіннен жыл сайын стандарттар талаптарына сәйкестігіне тәуелсіз инспекциялық аудит жүргізіледі.

Жарғылық капиталдың құрылымы

Корпоративтік басқаруды жоғары басқару органы жүзеге асырады, Қоғамның Жалғыз акционері ҚР ЦДИАӨМ Аэроғарыш комитеті, басқару органы – Қоғамның Директорлар кеңесі, атқарушы орган – Қоғамның Басқармасы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес «РҒБО» АҚ акцияларының 100% (жүз пайыз) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын ҚР ЦДИАӨМ Аэроғарыш комитеті жүзеге асырады.

Жарғылық капитал номиналды құнында көрсетіледі және жай акциялармен қалыптастырылған. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның жарғылық капиталы 47 092 312 мың теңгеге тең.

Шығарылым KZ1C51200018 ұлттық нөмірі берілген 47 040 201 жай акцияларға бөлінген. Шығарылым A5120 нөмірі бар эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілген. 2013 жылғы мамырда «Казсат» Басқарушы компаниясынан 108 829,0 мың теңгеге табыстау актісі бойынша 113 363 дана акциялар алынды.

ҚР ЦДИАӨМ 2022 жылғы 27 мамырдағы №50/НҚ ««РҒБО» АҚ жай акцияларын ұлғайту туралы» бұйрығына сәйкес 29 608,0 мың теңгеге 29 608 жай акциялар шығарылды. Орналастырылған акциялардың саны 47 040 201 дананы құрады, бұл 2024 жылғы 12 наурыздағы № 19191460 Бағалы қағаздарды ұстаушылардың куәлігімен расталған.

ҚР ЦДИАӨМ 2024 жылғы 14 мамырдағы № 272/НҚ «««РҒБО» АҚ жай акцияларын ұлғайту туралы» бұйрығына сәйкес 27 037,0 мың теңге сомасына 27 037 дана жай акциялардың қосымша шығарылымы жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 679 «Республикалық меншіктің кейбір мәселелері» бұйрығын орындау шегінде 56 645,0 мың теңге сомасына жалпы саны 56 645 дана жай акциялар шығарылды. Орналастырылған акциялардың саны 47 096 846 дана болды, бұл 2024 жылғы 7 қарашадағы №21697610 бағалы қағаздарды ұстаушылар туралы анықтамамен расталды.

Осы шығарылым бойынша есепті күнге Жарғылық капиталды түпкілікті қалыптастыру активті балансқа қабылдау жолымен аяқталды.

Қоғам миссиясы - Біз Қазақстанның Цифрлық экономикасының, бизнестің және халықтың әл-ауқатының орнықты дамуына үлес қоса отырып, ішкі және сыртқы нарықтарда ғарыштық байланыстағы үздік шешімдерді ұсынамыз.

Қоғамның көзқарасы - Біз саясат, бизнес және зерттеу институттарының түйіскен жерінде заманауи аэроғарыштық қызметтер көрсетуді ұйымдастырумен клиентке бағдарланған Қазақстан Республикасының ұлттық әлеуетін нығайтуға арналған ғарыш инфрақұрылымын құрамыз және шетелдік операторлармен ынтымақтастық шекарасын кеңейтеміз.

Даму жоспары, оны жүзеге асыру нәтижелері

«РҒБО» АҚ-ның 2023-2027 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын орындау бойынша 2024 жылғы Орта мерзімді даму жоспарын іске асыру нәтижелері «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 17 наурыздағы №2/2025 шешімімен назарға алынды.

1. ««РҒБО» АҚ қызметінің коммерциялық нәтижелерін жақсарту» стратегиялық бағыты бойынша бес (5) стратегиялық іс-шара жоспарланған болатын, оның ішінде:

төрт (4) стратегиялық іс-шаралар орындалды;

бір (1) ««KazSat» ҒБЖ жүктеуді қамтамасыз ету» стратегиялық іс-шарасы (Жоспарлы кезеңдегі мәні, кемінде 1650 МГц) операторлардың өздерінің жерсеріктік желілерін оңтайландыруына байланысты орындалмады, бұл жыл ішінде жүктеме көлемінің жалпы 57,5 МГц төмендеуіне әкелді. Есепті кезеңде

(31.12.2024 ж. жағдай бойынша) «KazSat» сериялы ғарыш аппаратының транспондерлік сыйымдылығының жиынтық жүктемесі – 1 622,96 МГц құрады.

««РҒБО» АҚ ғарыштық байланыс жүйесінің, инновациялық жерсеріктік шешімдердің операторы ретінде техникалық-технологиялық дамуы» 2-стратегиялық бағыты бойынша бес (5) стратегиялық іс-шара жоспарланды, оның ішінде барлық бес (5) стратегиялық іс-шара орындалды, бұл ретте:

бір (1) «2026 жылға дейін HTS технологиясы бойынша «KazSat» ҒБЖ құру және пайдалануға енгізу бойынша жобаны іске асыру» стратегиялық іс-шарасы (Күтілетін нәтиже (нысаналы индикатор): 1. «KazSat» ҒБЖ құрудың орындылығы туралы шешім (HTS технологиясы бойынша «KazSat-3R» ҒА құрамындағы HTS-жерсерік немесе HTS-ПН жеке модулі негізінде жеке ҒБЖ) бақылаудан алуды талап етеді, өйткені HTS технологиясы бойынша «KazSat» сериялы бөлек ҒА құрудың орынсыздығы туралы шешімдер қабылданды. Іс-шара «РҒБО» АҚ-ның 2023-2027 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын келесі түзету кезінде алып тастауға жоспарланған *(анықтама үшін: Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 23 маусымдағы № 6/2025 хаттамалық шешімімен Қоғамның 2023-2027 жылдарға арналған стратегиялық жоспары жаңа редакцияда қабылданды);*

«РҒБО» АҚ техникалық мүмкіндіктері шеңберінде ауылдық елді мекендер *(нысана ретінде 504 АЕМ)* мен білім беру объектілеріне *(кемінде 2000 білім беру нысаны)* ақпараттық-коммуникациялық жүйелерге кең жолақты қолжетімділікті *(КЖҚ)* қамтамасыз ету бойынша екі (2) стратегиялық іс-шара жүзеге асырылды. ҚР ЦДИАӨМ Телекоммуникациялар комитетімен шарт шеңберінде КЖҚ қызметтері толық көлемде көрсетіліп, «KazSat» технологиялары арқылы 176 АЕМ қосылды. Бұл ретте, бұрын геостационарлық емес жерсеріктік жүйелер (ГСЕО) технологиялары арқылы қосылу жоспарланған қалған жерсеріктік байланыс желілері бойынша 2024 жылы ГСЕО шетелдік операторларының ешқайсысына Қазақстан Республикасының (ҚР) заңнамасына толық сәйкес ҚР аумағында байланыс қызметін көрсетудің техникалық мүмкіндігі расталған жоқ (31.12.2024ж. жағдай бойынша).

Облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен жасалған шарттар шеңберінде Starlink технологиялары арқылы білім беру саласы объектілері (мектептер) үшін КЖҚ қызметтері ҚР 1879 мектебінен 1812 мектебінде қамтамасыз етілген. 67 мектеп бойынша SpaceX компаниясы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ресей Федерациясымен (РФ) және Қытай Халық Республикасымен (ҚХР) шекаралас аймақтарда орналасқан мектептерді (62) қосу мәселесін шешпегендіктен мерзімдерді ауыстыру жоспарланды. Бұл РФ мен ҚХР аумақтарындағы Starlink тобының жұмысын SpaceX операторы өшіріп, сәйкесінше, Starlink жерсеріктерінде, олар қызмет көрсету аумағына кірген кезде, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі қызмет көрсету аймағында болғанына қарамастан, тиісті сәулелер бағдарламалық түрде өшірілетіндігіне байланысты. Оған қоса, бес мектеп күрделі жөндеу жұмыстарына байланысты Starlink жабдығын орнату мүмкіндігі болмады. Жабдықты орнату және қосу жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін жоспарланған.

3-Стратегиялық бағыт бойынша: ««РҒБО» АҚ қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру» үш (3) стратегиялық іс-шара жоспарланған, оның ішінде барлық үш (3) стратегиялық іс-шара орындалды.

Нарыққа шолу және нарықтағы жағдай

Байланыс саласын жеке алып қарасақ, 2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда байланыс қызметтерінің нақты көлем индексі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 105,0% (2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда - 107,1%) болғанын атап өткен жөн.

Байланыс қызметтерінің жалпы көлемінің елеулі үлесін Интернет желісіне қолжетімділік қызметтері, өзге де телекоммуникациялық және ұялы байланыс қызметтері құрайды, олардың физикалық көлем индекстері сәйкесінше 116,7%, 100% және 84,2% құрады.

2024 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында ұялы байланыс абоненттерінің саны – 26 170,1 мың бірлікті, Интернетке қолжетімділігі бар ұялы байланыс абоненттерінің саны – 18 979,9 мың бірлікті, тіркелген Интернет абоненттерінің саны – 3 221,1 мың бірлікті, тіркелген телефон желілерінің саны – 2 443,3 мың бірлікті құрады.

Байланыс саласын дамытудың негізгі драйверлерінің бірі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 27 қазандағы № 949 қаулысымен байланыс саласындағы «Қолжетімді Интернет» Ұлттық жобасын (бұдан әрі – Ұлттық жоба) бекіту болды, онда цифрлық теңсіздікті төмендету мақсатына қол жеткізу үшін барлық ауылдық елді мекендерді тиісті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету аса маңызды болды.

Осылайша, Ұлттық жобаның «Сымсыз байланыс инфрақұрылымын дамыту» 2-міндетімен аз қоныстанған ауылдық мекендерде жоғары жылдамдықты Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жерсеріктік байланыс арналарын ұйымдастыру көзделеді. Байланыс арналарын ұйымдастыру ғарыштық байланыс жүйесінің ресурстарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын болады. Бұл бастаманың мақсаты қазіргі уақытта қашықтыққа немесе жер географиясының күрделілігіне байланысты сымды интернет қосу мүмкіндігі жоқ ауылдарда Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Атап айтқанда, қазіргі уақытта осындай 500-ден астам ауыл бар.

Ұлттық жобаға сәйкес жерсеріктік Интернеттің әлеуетті жеткізушілері әртүрлі компанияларды, соның ішінде Қоғамды Интернетпен қамтамасыз ету технологияларын қарайтын болады.

Осы ауылдарда абоненттік қолжетімділік технологиясы ретінде халық үшін Wi-Fi технологиясы бойынша қоғамдық Интернетке қолжетімділік нүктелері құрылады деп күтілуде.

Цифрлық теңсіздікті төмендету мақсатына қол жеткізу үшін барлық ауылдық елді мекендерді тиісті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету өте маңызды. Урбанизация процесін және цифрландырудың елдің экономикалық дамуына күшті әсерін ескере отырып, Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес мемлекеттік қолдау көзделген.

Қазақстан Республикасының отандық ғарыштық байланыс жүйесін дамыту бойынша жұмыстар 2004 жылы басталды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда келесі құрамда «KazSat» ұлттық ғарыштық байланыс жүйесі құрылып, жұмыс істейді:

1) «KazSat-2» ғарыш аппараты (бұдан әрі – ҒА) (2011 жылғы 26 қарашада пайдалануға енгізілген) 86,5° ш.б. орбиталық позицияда, жалпы өткізу қабілеті 864 МГц ТЖҚ (тіркелген жерсеріктік қызмет) радиожиліктерінің «стандартты» Ku-диапазонында. «KazSat-2» ҒА пайдалану мерзімі «KazSat-2» ҒА өндірушісінің қорытындыларымен расталған ҒА техникалық жай-күйіне (отын қорлары, борттық жүйелер мен жерсерік жабдығының жай-күйі) сәйкес 2026 жылғы желтоқсанға дейін ұзартылды;

2) «KazSat-3» ҒА (2014 жылғы 28 желтоқсанда пайдалануға енгізілген) 58,5° ш.б. орбиталық позицияда, жалпы өткізу қабілеті 1296 МГц ТЖҚ радиожиліктерінің «стандартты» (864 МГц) және «жоспарлы» (432 МГц) Ku-диапазонында. «KazSat-3» ҒА белсенді қызмет ету мерзімі 2029 жылдың желтоқсанына дейін есептелген.

3) Ақмола облысы Ақкөл қаласындағы «Ақкөл» ғарыштық байланыс орталығы (бұдан әрі – ҒБО) (ғарыш аппараттарын және байланыс мониторингі жүйелерін жерүсті басқару кешені);

4) Алматы облысы Іле ауданындағы «Көктерек» ғарыштық байланыс орталығы (ғарыш аппараттарын және байланыс мониторингі жүйелерін резервтік жерүсті басқару кешені)

«KazSat» ҒБЖ басқаруды «Ақкөл» ҒБО және «Көктерек» ҒБО қазақстандық мамандары жүзеге асырады.

Қазақстанда «KazSat» ұлттық ғарыштық байланыс жүйесінің ресурстарының негізінде жерсеріктік байланыс желілерін құру «KazSat-2» жерсерігін пайдалануға бергеннен кейін 2011 жылы басталды.

Осы уақытқа дейін отандық байланыс операторлары шетелдік компаниялардың геостационарлық жерсеріктерінің ресурстарын қымбат жалдау шарттары бойынша елеулі ақша қаражаттарын шетел валютасымен елден тысқары төлеу арқылы пайдаланды: Intelsat (АҚШ), SES (Еуропа), Eutelsat (Еуропа), және «Ғарыштық байланыс» мемлекеттік кәсіпорны» ФМБК (РФ).



2011 жылы шетелдік компаниялардың радиожиліктердің Ku-диапазонындағы жерсеріктік (транспондер) сыйымдылықтың қазақстандық нарықтағы жалпы үлесі 88% болды.

Құрамында «KazSat-2» ҒА және «KazSat-3» ҒА бар «KazSat» ҒБЖ пайдаланудың барлық кезеңінде радиожиліктің Ku-диапазонындағы жерсеріктік (транспондерлік) сыйымдылықтың ішкі нарығындағы қазақстандық сегменттің үлесін 100% деңгейінде қамтамасыз ете отырып, төмендегі Қазақстан мен Таяу шет елдердің 18 жерсеріктік байланыс операторлары мен ұйымдарын транспондерлік сыйымдылықпен қамтамасыз ете отырып, транспондерлік сыйымдылықты жалға беру жөніндегі шетелдік қызметтерді отандық қызметтермен алмастыруды қамтамасыз етуге қол жеткізілді:

– «Қазтелерадио» АҚ және «Алма ТВ» АҚ - қазақстандық телехабар тарату;

– Қазақстан Республикасының ақпараттық-коммуникациялық саласының тәуелсіздігі стратегиялық маңызы бар мемлекеттік органдар, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ;

– «Astel» АҚ; «ТелСервис ЛТД» ЖШС; «Кар-Тел» ЖШС; «Jusan Mobile» АҚ; «Hermes Datacomms» ЖШС; «Исател» ЖШҚ (Тәжікстан Республикасы); «ТелСервис ЛТД Азия» ЖШҚ (Қырғызстан Республикасы); «Транстелеком» АҚ; «Қазақтелеком» АҚ; «Kegoc» АҚ және «ЭкоГеоМұнайГаз» ЖШС – деректерді беру қызметтері.

2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Otau-TV» абоненттері (Қазақстанның 5 миллионға жуық тұрғыны, оның 80%-ы ауыл тұрғындары) 51 теле- және 23 радиоарнаны тегін пайдалана алады (Мәлімет үшін, жерсеріктік теледидар енгізілгенге дейін ауыл тұрғындары тек 2-3 арнаны ғана пайдалана алатын), ал ақылы пакетке 145 телеарна кіреді.

«Алма Телекоммуникацияс Қазақстан» АҚ-нан 0,6 млн НТВ абоненті.

«Цифрлық» теңсіздікті жою бойынша мемлекеттік әлеуметтік жоба аясында 176 ауылдық елді мекен Интернетке қосылды.

4-БӨЛІМ. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қоғамның кірістері

2024 жылдың 12 айында Қоғамның жалпы табысы 15 804 590 мың теңгені құрады. Жылдық жоспар 107 % орындалды.

Оның ішінде:

- қызметтерді сатудан түскен түсімдер (ғарыш аппараттарының транспондерлік сыйымдылығын және телепорт қызметтерін, КЖҚ ұсыну) 10 353 098 мың теңгені құрады.

- басқа кірістер (ағымдағы шоттар мен депозиттер бойынша кірістер, қаржыландыру (қарыздар), автоматты репо мәмілелерін іске асырудан кірістер, «Цесна Банк» АҚ облигациялары бойынша купондық кірістер) 5 451 492 мың теңгені құрады.

Қоғамның шығыстары

2024 жылдың 12 айында жалпы шығыстар 10 552 693 мың теңгені құрады, оның ішінде:

1) өндірістік шығыстар 7 083 752 мың теңгені құрады.

2) әкімшілік шығыстар 937 375 мың теңгені құрады.

3) басқа персонал бөлімшелерінің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстардан, маркетинг және жарнама жөніндегі шығыстардан, әлеуметтік бағдарлама бойынша шығыстардан, активтердің шығуынан шығыстардан және басқалардан тұратын өзге де шығыстар барлығы 2 531 566 мың теңгені құрады.

Қоғам қызметінің негізгі бағыттары бойынша экономикалық нәтижелер

№	Жобалық бағыттар	2024 ж. нақты (жобалар бойынша кірістер)	2024 ж. нақты (өндірістік шығындар)	Жалпы Пайда	Мың теңге
					Жалпы пайда маржасы
1.	Бағыты: «KazSat» ҒА жерсеріктік сыйымдылығын іске асыру	7 448 792	4 780 545	2 668 247	35,82%
2.	Бағыт: «KazSat» жерсеріктік технологиялары арқылы АЕМ КЖҚ қызметтерін көрсету	1 027 147	794 182	232 965	22,68%
3.	Бағыт: «Starlink» жерсеріктік технологияларын қолдана отырып, орта білім беру ұйымдарында КЖҚ қызметтерін көрсету	1 769 749	1 509 025	260 724	14,73%
	Жобалар бойынша барлығы	10 245 688	7 083 752	3 161 936	30,86%

Қаржылық нәтиже

2024 жылдың қорытындысы бойынша таза пайда 3 801 190 мың теңгені құрады.

Активтердің табыстылық коэффициенті-7,35%

Меншікті капиталдың табыстылық коэффициенті-24,05%

Сатулардың табыстылық коэффициенті-7,53%

1 адамға еңбек өнімділігі - 34 245 мың теңге

2024 жылы Қоғам ақша жиынының сақталуын қамтамасыз ету және қамсыздандыру тәуекелін төмендету мақсатында Қазақстандық қор биржасында (KASE) мемлекеттік бағалы қағаздарға өз ақшалай қаражатын орналастыру бойынша жұмысты жалғастырды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша МБҚ-мен автоматты репо операцияларына ақша қаражатын орналастырудан түскен табыс 3 548 445 млн.теңгені құрады (*Деректерді сыртқы аудитор растады*).

2024 жылы «РҒБО» АҚ қаржылық есептілік аудиті үшін «FSG AUDIT» ЖШС тәуелсіз аудиторлық компаниясы тартылып, тәуелсіз компанияға төленген сыйақы сомасы 9 000 мың теңгені құрады.

5-БӨЛІМ. АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ШОЛУ, ОЛАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Қоғамның басқа елдер мен қалаларда филиалдары мен өкілдіктері жоқ, бірақ өзінің құрылымдық бөлімшелері, Ақмола облысы Ақкөл қаласында ғарыш аппараттарын және байланыс мониторингі жүйелерін жерүсті басқару кешені және Алматы облысында ғарыш аппараттарын резервтік жерүсті басқару кешені бар.

В тыс. тенге.

Активтер	31.12.2024 жағдайына	31.12.2023 жағдайына
I. Қысқа мерзімді активтер		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	649 374	28 769 203
Басқа қысқа мерзімді қаржы активтері	30 188 513	22 820
Қысқа мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешек	1 527 021	834 221
Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	-	-
Ағымдағы табыс салығы	180 607	
Қорлар	42 589	73 076
Басқа қысқа мерзімді активтер	999 541	635 733
Қысқа мерзімді активтердің барлығы	33 587 645	30 335 053
Сатуға арналған активтер (немесе шығатын топтар)	-	-
II. Ұзақ мерзімді активтер		
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша ескерілетін ұзақ мерзімді қаржылық активтер	221 809	203 448
Ұзақ мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешек	21 365	30 960
Инвестициялық мүлік	-	-
Негізгі құралдар	17 413 851	18 925 838
Пайдалану құқығы нысанындағы актив	174	175
Материалдық емес активтер	154 948	104 920
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	306 834	716 883
Ұзақ мерзімді активтердің барлығы	18 118 981	19 982 224
Баланс	51 706 626	50 317 277

* Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бұл сайтта жарияланған: <https://cabinet-online-reports.dfo.kz/ru/reports>

6-БӨЛІМ. БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРДІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ЖОСПАРЛАРЫ

«РҒБО» АҚ Қазақстан Республикасының цифрлық экономикасының, бизнестің және халықтың әл-ауқатының тұрақты дамуына үлес қоса отырып, ішкі және сыртқы нарықтарда ғарыштық байланыс саласындағы үздік шешімдерді ұсынады.

Қоғамның болашақ кезеңдерге негізгі мақсаттары:

- «KazSat» ғарыштық байланыс жүйесін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасы мен Орталық Азия елдерінің нарықтарының транспондерлік сыйымдылыққа қажеттілігін қамтамасыз ету;
- Жерсеріктік байланыс желілерін құру және телекоммуникациялық қызметтерді ұйымдастыру үшін технологиялық инфрақұрылымды ұсынуды қамтамасыз ету;
- Баламалы табыс көздерін қамтамасыз ету;
- «РҒБО» АҚ-ның жерсеріктік шешімдер интеграторына трансформациясы;
- «KazSat» ғарыштық байланыс жүйесін дамыту;
- «РҒБО» АҚ адам ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

Қоғамның жақын болашаққа жоспарлары:

- Байланыс операторларына «KazSat» сериялы ҒА транспондерлік сыйымдылығын ұсыну; ғарыштық байланыс жүйесінің штаттық жұмысын қамтамасыз ету;
- «Ақкөл» ҒБО алаңында қытайлық SpaceSail SSST ГСЕО байланыс жүйесінің шлюзін орналастыру;
- «KazSat-3» жерсерігін алмастыру үшін ғарыштық байланыс жүйесін құру және пайдалануға енгізу» жобасы бойынша жобалау алдындағы жұмыстар («KazSat-3R» жобасы);
- «KazSat» технологиялары арқылы 176 шалғай орналасқан ауылдарды Интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз етуді жалғастыру;
- ауылдық мектептердің «StarLink» технологиясы арқылы Интернетке КЖҚ қамтамасыз етуді жалғастыру;
- Өз жерсеріктік желісінің негізінде және ГСЕО провайдерлерімен бірлесе отырып, байланыс қызметтерін дамыту.

7-БӨЛІМ. ТӘУЕКЕЛДІҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 8 қазандағы №6/2020 шешімімен бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының тәуекелдерді басқару саясаты «РҒБО» АҚ тәуекелдер бойынша есебін дайындаудың негіздемесі болып табылады.

Тәуекелдерді тиімді басқару үшін Қоғамда тәуекелдерді сәйкестендіру, талдау, бағалау және өңдеу, олардың қайта туындауының алдын алу/олардың әсерін қолайлы деңгейге дейін төмендету мақсатында тәуекелдерді және оларға алғышарттарды азайту/жою жүргізіледі.

Негізгі мақсат: Тәуекелдерді анықтауға, бағалауға, талдауға, басқаруға және мониторингтеуге бағытталған ұйымдық құрылымды, процестер мен ресурстарды дамыту және қолдау арқылы оның стратегиясында айқындалған Қоғам қызметінің мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету; Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің ақылға қонымды кепілдігі.


Негізгі міндеттер: Шешімдер қабылдау және жоспарлау үшін толыққанды база құру; Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін тәуекелдерді бағалау және тәуекелдерді өңдеу; тәуекелдердің пайда болу ықтималдығын және Қоғамның стратегиялық мақсаттарына теріс әсерін азайту жөніндегі іс-шараларды одан әрі пысықтау; тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды мониторингілеу; тәуекелдерді анықтау және Қоғамның тәуекелдерді басқару процесінің менеджменті.

Тәуекелдер мониторингінің нәтижелері бойынша тәуекелдерді жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажеттілігі және/немесе тәуекелдерді жою жөніндегі жоспардан тыс іс-шараларға қажеттілік (оның ішінде жаңа тәуекелдер пайда болған жағдайда) айқындалады.


2024 жылы Қоғам тәуекелдерді басқару жүйесінің келесі құжаттарын бекітті: тәуекел-тәбет; тәуекелдер тіркелімі (оның ішінде тәуекелдерді басқару процесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары); тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспары; тәуекелдер картасы.

Негізгі тәуекел факторлары: тұтынушы салалардың/операторлардың/түпкілікті тұтынушылардың сұранысының параллельді төмендеуі; баламалы байланыс технологиялары тарапынан бәсекелестік; штаттан тыс жағдайлар; Қоғамның ішкі және сыртқы ортасындағы елеулі өзгерістер.

** Тәуекел факторлары тәуекелді жүзеге асырудың ықтимал себептерін қамтиды және орындалмауы мүмкін.*



Қоғамның тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарында орындалатын іс-шаралар белгіленген Сыни және Жоғары тәуекелдер аймағынан («Тәуекелдер картасының» сарғыш, қызыл және қою қызыл) 15 тәуекел бар.



2024 жылы тәуекелдер деңгейі бойынша «Тәуекелдер картасында» өзгерістер болған жоқ.

Тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді Қоғамның Директорлар кеңесі қарады және бекітті.

Қосымша ақпарат ретінде

Қоғамға әсер етудің сыртқы факторларына қатысты - мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне бақылау күшейтіледі. Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу кезінде мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінің жобасын қалыптастыру ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесіне сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінің жобасын қалыптастыру тәуекелдердің жоғары және орташа деңгейлері бар объектілер мен мемлекеттік аудит объектілерінің Тәуекелдерін басқару жүйесінің тәуекелдерді бағалау негізінде іріктеу арқылы жүзеге асырылады¹.

Дүниежүзілік экономикалық форумның есебіне сәйкес 2025 жылға дейінгі кезең қоғамның белсенді экономикалық қарсыласуымен және поляризациясымен (бөлінуімен) сипатталады, бұл 2025 жылғы Жаһандық тәуекел есебімен де расталады.

¹ Тәуекелдердің базалық критерийлеріне жарғылық капитал мөлшерінің өсуі/төмендеуі, шығыстардың жалпы көлемінен әкімшілік шығыстардың үлесі, бухгалтерлік есептілікте бірнеше қаржы кезеңіндегі залалдардың көрсетілуі, есепті кезеңде жүзеге асырылған сатып алудың жалпы көлемінде бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу үлесі және т.б. жатады.

Сонымен қатар, реттеуші/мемлекеттік органдар бекіткен құжаттарда кейбір қарама-қайшы тармақтар байқалады, бұл квазимемлекеттік сектор субъектілері шеңберінде бекіту кезінде одан әрі кейбір белгісіздіктер туғызады.

Кейінгі жылдары көп домендік қақтығыстар мен асимметриялық соғыстардың көбеюі, сондай-ақ геосаясаттың экономикадан басым болуы болжануда.

Бұл трендтер деректердің тарап кету² санының өсуіне байланысты әскери шығыстарды қаржыландырудың ұлғаюына (және технологиялық даму саласындағы әлеуетті «қару-жарақ жарысына») және қауіпсіздік мәселелеріне (оның ішінде ақпараттық қауіпсіздікке³) ерекше назар аударуға әкеп соғуы мүмкін.

Геоэкономикалық қарама-қайшылық жағдайында жеткізілімдердің жүйелік маңызды тізбектерінің бұзылуы немесе өзгеруі, инфляцияның айтарлықтай өсуі, цифрлық теңсіздік, мемлекетаралық қақтығыстар санының өсу (толық немесе ішінара) қаупі де артады.

Дүниежүзілік экономикалық форум жыл сайын тәуекелдер туралы жаһандық есеп шығарады. Бұл болашақ кезеңдерге арналған болжамдарды қамтитын қаржылық емес тәуекелдер саласындағы маңызды аналитикалық құжаттардың бірі болып табылады. Мультидомендік қақтығыстар мен келесі буын технологияларының рөлін арттыру үрдісі байқалады. Халықаралық есептерге сәйкес алдағы жылдары геоэкономикалық тәуекелдердің, киберқылмыстың, сондай-ақ әскери бағытта жерсеріктік технологияларды неғұрлым айқын қолданудың өте жоғары өсуі күтілуде⁴.

Дүниежүзілік экономикалық форум барлық жаһандық тәуекелдер туралы есептерде өзекті мәселелерді, соның ішінде жерсеріктік технологиялардың маңыздылығын көрсетеді және оларда ғарыштық технологияларды әскери/бейбіт мақсатта пайдаланудың ықтимал қаупі туралы айтады. Ірі технологиялық компаниялардың әсері қазірдің өзінде ұлттық мемлекеттермен⁵ бәсекелесетін трансұлттық болып табылады және генеративті жасанды интеллект осы компаниялардың және олармен байланысты қоғам өкілдерінің ықпалын катализдеуді жалғастырады. Жеке тұлғалардың біржақты әрекет ету қаупі көптеген жаңа салдарларды арттыруы мүмкін, мысалы, Шығыс Еуропа⁶ аумағындағы қақтығыста азаматтық жерсеріктерді пайдалану (атап айтқанда Украина).

Елдердің жеке байланыс және хабар тарату жерсеріктерінің болуының (осы мәселелерде тәуелсіздікке кепілдік беретін), жерсеріктік топтардың құрамын уақтылы жаңартудың маңыздылығы өзгеріссіз қалады (сонымен бірге салалық тәуекелдер артады).

Қоғам геосаяси тәуекелдердің, беделді тәуекелдердің әсерін, олардың салдарын және оларға ден қою шараларын төмендету бойынша жұмыс жүргізуде.

² The global risk report 2024. World economic forum

³ Прогнозируется увеличение числа программ-вымогателей, источник: <https://commercial.allianz.com/news-and-insights/expert-risk-articles/allianz-risk-barometer-2024-cyber-incidents.html>

⁴ The global risk report 2023, 18th edition. World economic forum, The global risk report 2024. World economic forum

⁵ <https://www.forbes.com/sites/emmawoollacott/2023/07/21/apple-threatens-to-pull-facetime-and-icmessage-from-the-uk/?sh=62343cfd6425>

⁶ The global risk report 2024, 19th edition

8-БӨЛІМ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару – мемлекет қатысатын мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың қызметін басқаруды қамтамасыз ететін және меншік иесінің (акционердің), директорлар кеңесінің, атқарушы органның (басқарманың), мемлекет қатысатын мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың өзге де органдарының және меншік иесінің (акционердің) мүддесі үшін мүдделі тұлғалардың арасындағы қатынастарды қамтитын процестер жиынтығы.

Корпоративтік басқару құрылымы:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі;
- 5) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ететін орган - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет.

Қоғамның акцияларына иелік ету құрылымы.

Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады, оның атынан «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қоғамның 100% мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакетіне билік ету құқығы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне тиесілі.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысы негізінде Қоғам акцияларының 100% мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті - Жалғыз акционер жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің құрамы, оның ішінде біліктілік, іріктеу процесі, оның ішінде тәуелсіз директорлар туралы олардың тәуелсіздігін айқындау критерийлерін көрсете отырып.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Заңының (бұдан әрі – «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң) 54-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауға тиіс, Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде 30%-ы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына кандидаттарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің 2019 жылғы 15 ақпандағы № 16/НҚ бұйрығымен бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ

Директорлар кеңесі туралы ережеде (бұдан әрі – Директорлар кеңесі туралы ереже) көзделген.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын және Жалғыз акционердің шешімін басшылыққа ала отырып, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам Директорлар кеңесінің келесі құрамы айқындалды (7 мүше, оның ішінде 3 тәуелсіз директор):

– **Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы** – Оралмағамбетов Баубек Жеткергенұлы – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитетінің төрағасы. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: Жалғыз акционердің 2022 жылғы 25 қарашадағы шешімімен № 119/НҚ бұйрығы. Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланған күні: Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен. № 13/2024 хаттама. Туған күні: 1983 жылғы 31 наурыз. Білімі жоғары: 2006 жылы Мәскеу авиациялық институтын (мемлекеттік техникалық университет) «Авиациялық қару-жарақтың робототехникалық жүйелері» мамандығы бойынша бітірген;

– **Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі** – Әділбеков Нұрмахан Әбілқасымұлы – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: Жалғыз акционердің 2024 жылғы 12 шілдедегі шешімімен № 421/НҚ бұйрығы. Туған күні: 1973 жылғы 19 ақпан. Білімі жоғары: 1994 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, 2004 жылы Қазақ гуманитарлық-заң университетін бітірген;

– **Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі** – Нұршабеков Ризат Рахатбекұлы – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: Жалғыз акционердің 2022 жылғы 25 қарашадағы шешімімен № 119/НҚ бұйрығы. Туған күні: 1973 жылғы 10 желтоқсан. Білімі жоғары: 1995 жылы Алматы энергетика институтын бітіріп, «Радиобайланыс, радиохабар және теледидар инженері» біліктілігі берілді;

– **Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі** – Жүйріктаев Мәлік Қуанышбекұлы – «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы (Басқарма мүшелері үшін төмендегі сипаттама);

– **Тәуелсіз директор - Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі** – Елшібеков Серікбек Кеңесбекұлы – Бағдарламалар мен жобалар жөніндегі басқарушы директор, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Басқарма мүшесі. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: Жалғыз акционердің 2022 жылғы 25 қарашадағы шешімімен № 119/НҚ бұйрығы. Туған күні: 1960 жылғы 12 қыркүйек. Білімі жоғары: 1981 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын «Экономика және сауда» мамандығы бойынша бітіріп, «Экономист» біліктілігі берілді;

– **Тәуелсіз директор - Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі** – Айтмағамбетов Алтай Зуфарұлы – РЭТ кафедрасының профессоры Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (ХАТУ), техника ғылымдарының кандидаты, доцент, АЭБИ профессоры, Халықаралық байланыс академиясының академигі. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: Жалғыз акционердің

2022 жылғы 25 қарашадағы шешімімен № 119/НҚ бұйрығы. Туған күні: 1948 жылғы 4 шілде. Білімі жоғары: 1971 жылы Мәскеу электротехникалық институтын бітіріп, «Радиобайланыс және радиохабар тарату инженері» біліктілігі берілді, 1974 жылы Мәскеу электротехникалық байланыс институтында «Радиотехникалық құрылғылар мен жүйелер» мамандығы бойынша аспирантураны бітірді, 2000 жылы Алматы қаласындағы «Қаржы және несие» мамандығы бойынша жоғары халықаралық бизнес мектебін бітірді.

– **Тәуелсіз директор - Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі** – Мадиев Мағжан Дінмұхаммедұлы – «AstanaHub» IT-стартаптар халықаралық технопаркі» корпоративтік қорының бас директоры. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: Жалғыз акционердің 2022 жылғы 25 қарашадағы шешімімен №119/НҚ бұйрығы. Туған күні: 1989 жылғы 10 мамыр. Білімі жоғары: 2013 жылы Шанхай қаласындағы (Қытай) Фудан университетін «Қытай тілі» мамандығы бойынша (қытай тілі өнері бакалавры) бітірген.

Қоғам Директорлар кеңесінің құрамы біліктілігі, тәжірибесі, білімі, іскерлік қасиеттері мен әртүрлілігі бойынша теңдестірілген. Директорлар кеңесінің мүшелері байланыс, қаржы, ішкі аудит, корпоративтік басқару саласында, сондай-ақ Қоғамды басқару үшін маңызды өзге де салаларда мінсіз іскерлік беделге, білім мен дағдыларға ие.

Тәуелсіздікті анықтау және тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері.

Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 5-тармағының және Қоғам Жарғысының 40-тармағының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорлар сайланады, олардың саны Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы болуға тиіс, бұл шындыққа сәйкес келеді. Тәуелсіз директорлыққа кандидатураларды таңдау кезінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20-тармақшасында белгіленген критерийлер назарға алынды, оларға сәйкес тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде айқындалады, ол:

1) сайлау сәтінде Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде (Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) болмайды;

2) Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;

3) Қоғамның лауазымды тұлғаларымен немесе Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын ұйымдармен бағыныштылық қатынаста емес және Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі соңғы үш жыл ішінде аталған тұлғалармен бағыныштылық қатынаста болмаған.

4) мемлекеттік қызметші болып табылмайды;

5) Қоғамның аудиторы болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде аудитор болмады;

6) аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған. Директор, егер ол: - соңғы бес жыл

ішінде Қоғамның немесе оның еншілес және тәуелді ұйымының қызметкері болып табылмаса; - Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысын қоспағанда, Қоғамнан қосымша сыйақы алмаса немесе алмайтын болса, - басқа ұйымдарда немесе органдарда мұндай лауазымды атқармаса, басқа ұйымдарға немесе органдарға осындай қатысу арқылы Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен айтарлықтай байланысы жоқ болса; - акционерлерді немесе мемлекеттік басқару органдарын ұсынбаса; - тоғыз жылдан астам қатарынан Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі болмаса тәуелсіз деп таныла алады.

Тәуелсіз директорлыққа кандидатураларды тандау кезінде жоғарыда аталған критерийлер ескерілді. Қоғам Жалғыз акционерінің 2022 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№119/НҚ бұйрығы) 3 жылдық мерзімге тәуелсіз директорлар сайланды: А.З. Айтмағамбетов, С.К. Елшібеков, М.Д. Мадиев. Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорлар мен Қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастар Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің төрағасы жасаған шарттармен регламенттеледі.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметі туралы есеп

Қоғам Директорлар кеңесінің жанында 3 Комитет жұмыс істейді:

- Қоғам Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті (Комитет төрағасы - Елшібеков Серікбек Кеңесбекұлы);
- Қоғам Директорлар кеңесінің Стратегия және қаржы комитеті (Комитет төрағасы - Мағжан Дінмұхаммедұлы Мәдиев);
- Қоғам Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті (Комитет төрағасы - Айтмағамбетов Алтай Зуфарұлы).

2024 жылы Қоғам Директорлар кеңесінің 16 отырысы – 4 күндізгі отырыс өткізілді, 12 сырттай нысанда 54 мәселе қаралды, сондай-ақ:

- Қоғам Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 14 отырысы өтті, онда 21 мәселе қаралды;
- Қоғам Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің 9 отырысы өтті, онда 20 мәселе қаралды;
- Стратегия және қаржы комитетінің 5 отырысы өтті, онда 11 мәселе қаралды.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп

Айта кету керек, «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің 2024 жылғы қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 23 маусымдағы №6/2025 шешімімен бекітілген.

Қоғам Басқармасының Құрамы

Басқарма Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады, Қоғамның атынан әрекет етеді, оның ішінде оның мүдделерін білдіреді, Қоғамның Жарғысында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның атынан мәмілелер жасайды, штат кестесін бекітеді, Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер қабылдайды.

Қоғамның Басқармасы Қоғамның қызметіне басшылықты жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Қоғам Басқармасының құрылуы, оның өкілеттіктері, қызмет тәртібі және оның шешімдер қабылдауы, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің кез келгені немесе Басқарманың барлық құрамының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына және Қоғам Басқармасы туралы ережеге сәйкес Қоғамның тиісті органының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауды Қоғамның Жалғыз акционері айқындайды. Қоғамның Басқарма төрағасы Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша, Басқарма төрағасының орынбасарлары мен Басқарманың басқа да мүшелері, Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі бойынша сайланады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның Басқармасы келесі құрамда ұсынылды:

– **Басқарма төрағасы Мәлік Қуанышбекұлы Жүйріктаев**, 1973 жылы туған. Білімі жоғары: 1995 жылы Алматы энергетика институтын «инженер-электроник» мамандығы бойынша, 2005 жылы Абай ат. Алматы мемлекеттік университетін «экономист-менеджер» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1990 жылы бастаған, телекоммуникация және корпоративтік басқару саласында көп жылдық басқару тәжірибесі бар. «Қазақтелеком» АҚ, «Транстелеком» АҚ, «Каспий БӨК» ҰК, «Uniserv» ЖШС, «Шымкент БӨК» АҚ сияқты ұйымдарда жұмыс істеді. 2017 жылғы маусымнан 2020 жылғы ақпан бойынша «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамында басшылық лауазымдарды атқарды.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитеті төрағасының 2020 жылғы 3 қыркүйектегі №123/НҚ бұйрығына сәйкес, 2020 жылғы 01 қазанда Қоғамның Басқарма төрағасы қызметіне кірісті.

2024 жылдың қазан айында «РҒБО» АҚ Басқарма төрағасы болып қайта сайланды. «Үздік байланысшы» құрметті атағына ие;

– **Басқарма төрағасының орынбасары Леонов Василий Александрович**, 1983 жылы туған, Томск мемлекеттік басқару және радиоэлектроника жүйелері университетін «радиоэлектрондық жүйелер» мамандығы бойынша бітірген.

2005 жылы Қоғамда диплом алдындағы тәжірибеден өтті, тәжірибеден сәтті өту және диплом алу қорытындысы бойынша 2005 жылдың қазан айында «РҒБО» АҚ «Ақкөл» жерүсті басқару кешені Ұшуларды басқару орталығының (бұдан әрі - ҰБО) жедел басқару секторының инженері лауазымына қабылданды.

2006-2019 жылдар аралығында ҰБО-ның жетекші инженерінен ұшуды қамтамасыз ету және ғарыш аппараттарының техникалық жай-күйін бақылау қызметінің бастығына дейінгі жол өтті. 2019 жылдың ақпан айынан бастап «Ақкөл» ҒБО директорының орынбасары - Ұшуларды басқару орталығының

басшысы қызметін атқарды. 2021 жылғы 14 мамырдан бастап Қоғам Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

2024 жылдың қазан айында «РҒБО» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметіне сайланды;

– **Басқарма төрағасының орынбасары Әбдірахманов Жанатай Қанатұлы**, 1982 жылы туған, 2003 жылы А.О. Байқоңыров ат. Жезқазған университетін «Құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – «Экономист».

2003-2008 жылдар аралығында коммерциялық құрылымдарда «Алматыгороформление» ЖАҚ маркетинг-менеджері, «Банк Валют-Транзит» АҚ кредиттік менеджері, «К-Аскер» ЖШС жабдықтау жөніндегі маманы және «Каблан» ЖШС қойма меңгерушісі лауазымдарында жұмыс тәжірибесі бар.

2008 жылы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында мемлекеттік қызметте жұмыс істеді.

2009-2019 жылдар аралығында 10 жыл бойы квазимемлекеттік секторда жоспарлау жөніндегі экономист, бухгалтер лауазымдарында және одан әрі «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес ұйымы – «Біріккен химиялық компания» ЖШС-нің тексеруші-аудиторы ретінде жұмыс істеді. 2017-2019 жылдары «Химпарк Тараз АЭА» БК АҚ Ішкі аудит бөлімінің бастығы лауазымында қосымша қызмет атқарды.

2018 жылдың қазан айынан 2019 жылдың қыркүйегі бойынша «АСТАНА – АЭҚ» АҚ Ішкі аудит бөлімінің бастығы қызметін атқарды, Астана қаласы әкімдігі жүйесін трансформациялауға қатысты, оның қорытындысы бойынша әкімдіктің бірқатар ведомстволық бағынысты ұйымдарында аудит қызметтері құрылды және корпоративтік басқару енгізілді.

2019 жылдың қазанынан 2022 жылдың шілдесі бойынша бизнес саласында «Qazsugar Co» ЖШС жоба менеджері болып жұмыс істеді.

Ж.Қ. Әбдірахманов Қоғам Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 17 қазандағы №12/2022 шешіміне сәйкес 2022 жылғы 26 қазаннан бастап «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметінің аудиторы болып жұмысқа қабылданды.

2023 жылғы 02 мамырдан бастап «РҒБО» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

2024 жылдың қазан айында «РҒБО» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметіне сайланды;

– **Басқарма төрағасының орынбасары Муканов Данияр Дәулетұлы**, 1990 жылы туған, 2012 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген, «Есеп және аудит» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алған, GPA: 3.76/4, «АССА» сертификаты бар (2016 жыл). 2021 жылдан бастап бағдарламада қарастырылған біліктілікті арттыру талаптарын орындағаны үшін АССАНЫҢ (FCCA) құрметті мүшесі болып табылады.

Еңбек жолын 2011 жылы бастады, Филип Моррис Қазақстан ЖШС, PWC Такс энд Эдвайзори ЖШС, «КПМГ Аудит» ЖШС тәрізді компанияларда жұмыс істеді, 2016 жылдан 2018 жыл бойынша «МТС» ЖШС-де, 2018 жылдан 2021 жыл

бойынша «Kcell» АҚ-да бюджеттік бақылаудың аға менеджері болып жұмыс істеді, 2021 жылдан бастап 2022 жылдары «Aitu payment Solutions» компаниясының қаржы директоры. 2023 жылғы 16 қарашада Қоғам Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 16 қарашадағы №13/2023 шешімімен Қоғам Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды.

Қоғам Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 30 мамырдағы № 7/2024 шешімімен 2024 жылғы 30 мамырдан бастап өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;

– **Басқарма төрағасының орынбасары Тасмұхан Ержан Тасмұханұлы**, 1983 жылы туған, Қазақстан Менеджмент, Экономика және болжау институтын (КИМЭП) «Қаржы және бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша бітірген, дәрежесі – іскерлік әкімшілендіру бакалавры (BSC).

2004 жылдан 2010 жыл бойынша «Валют-Транзит Банкі» АҚ қаржы институттарының менеджерінен «БТА Банкі» АҚ Қазынашылықты сатуды қолдау орталығының бастығына дейінгі жолдан өтті, 2011 жылдан 2016 жыл бойынша «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-да жұмыс істеді, 2016 жылдан 2019 жыл бойынша «Қазпошта» АҚ-да жұмыс істеді.

2021 жылдың қыркүйегінен 2023 жылдың сәуірі бойынша Қоғамда қаржы директоры - Қаржы экономикасы департаментінің директоры және Басқарма төрағасының орынбасары - Қоғамның Басқарма мүшесі лауазымдарында қызмет атқарды. 2023-2024 жылдары «Алатау» АЭА директорының орынбасары қызметін атқарды.

2024 жылғы 11 шілдеде Қоғам Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 11 шілдедегі № 8/2024 шешімімен Қоғам Басқарма төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды, 2024 жылғы 02 қазаннан бастап Қоғам Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 11 қазандағы №10/2024 шешімі негізінде Қоғам Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды.

Қоғам Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 1/2025 шешімімен 2025 жылғы 28 ақпаннан бастап өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;

Қоғам Басқармасының қызметі туралы есеп

2024 жылы Қоғам Басқармасы өз қызметі шеңберінде 74 бетпе-бет отырыс өткізді, онда Қоғам қызметінің мәселелері бойынша 191-і қаралды, Қоғам Басқармасы отырыстарына қатысу саны мен пайызы төменде кестеде көрсетілген.

Кесте

№	ТАӨ	Отырыстарға қатысу		Лауазымы	Басқарма құрамында болу кезеңі
		Бірлік саны	Пайызы %		
1.	Жүйріктаев Мәлік Қуанышбекұлы	74-тен 68	91,9%	Басқарма мүшесі – Басқарма төрағасы	2021 жылғы 02 қазаннан 2024 жылғы 01 қазан б-ша 2024 жылғы 02 қазаннан 2024 жылғы 31 желтоқсан б-ша
2.	Леонов Василий Александрович	74-тен 55	74,3%	Басқарма мүшесі – Басқарма төрағасының орынбасары	2021 жылғы 14 мамырдан 2024 жылғы 01 қазан б-ша 2024 жылғы 02 қазаннан 2024 жылғы 31 желтоқсан б-ша

3.	Муканов Данияр Дәулетұлы (Өкілеттік мерзімінен бұрын тоқтатылды)	74-тен 21	72,4%	Басқарма мүшесі – Басқарма төрағасының орынбасары	2023 жылғы 16 қарашадан 2024 жылғы 30 мамыр б-ша
4.	Тасмухан Ержан Тасмұханұлы (Өкілеттік мерзімінен бұрын тоқтатылды)	74-тен 22	69,7%	Басқарма мүшесі – Басқарма төрағасының орынбасары	2024 жылғы 11 шілдеден 2024 жылғы 31 желтоқсан б-ша
5.	Әбдірахманов Жанатай Қанатұлы	74-тен 67	90,5%	Басқарма мүшесі – Басқарма төрағасының орынбасары	2023 жылғы 02 мамырдан 2024 жылғы 01 қазан б-ша 2024 жылғы 02 қазаннан 2024 жылғы 31 желтоқсан б-ша

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу саясаты

Директорлар кеңесі. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қоғам Жарғысының 30-тармағы 22) тармақшасының д) бөлігіне сәйкес Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау жатады.

Корпоративтік басқару кодексінің 66-тармағына сәйкес «РҒБО» АҚ Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне, әдетте, бекітілген жылдық сыйақы, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесіне төрағалық еткені, Қоғам Директорлар кеңесінің комитеттеріне қатысқаны және төрағалық еткені үшін қосымша сыйақы төленеді. Бұл ретте мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

Бұдан басқа, Кодекстің 67-тармағына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесіне (мүшелеріне) сыйақы мен шығыстардың өтемақысын төлеу мөлшері мен шарттарын айқындайды. Бұл ретте директорларды марапаттау шарттары олармен жасалатын шарттарда және қажет болған жағдайда Қоғамның ішкі құжатында көрсетіледі.

«РҒБО» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ереженің 82-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында, «РҒБО» АҚ Жарғысында, ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен, «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқаруы кезеңінде Жалғыз акционердің шешімі бойынша олардың «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты сыйақы төленуі және (немесе) шығыстар өтелуі мүмкін. Жалғыз акционердің өкілдері болып табылатын Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері, «РҒБО» АҚ Басқарма төрағасы және мемлекеттік қызметшілер «РҒБО» АҚ Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақының келесі түрлері белгіленуі мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесіне мүшелік үшін тіркелген жылдық сыйақы;
- 2) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы ретінде Директорлар кеңесінің комитетіне қатысқаны үшін тіркелген жылдық сыйақы;

3) Директорлар кеңесі комитетінің мүшесі ретінде Директорлар кеңесінің комитетіне қатысқаны үшін тіркелген жылдық сыйақы.

Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан «РҒБО» АҚ үшін күтілетін оң нәтиже, Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, «РҒБО» АҚ қызметінің ауқымы, даму жоспарында айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі, жеке сектордың ұқсас компанияларындағы сыйақы деңгейі назарға алынады (бенчмаркинг, сыйақыларға шолу).

Жалғыз акционердің 2021 жылғы 05 сәуірдегі №38/НҚ бұйрығымен тәуелсіз директорларға сыйақы бір қаржы жылы үшін 300 (үш жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бекітілді.

2024 жылы Жалғыз акционердің 2024 жылғы 27 ақпандағы шешімі №100/НҚ бұйрығы бойынша тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу жұмыс істелген уақытқа пропорционалды бір қаржы жылы үшін 300 (үш жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізілді.

Қоғамның Басқармасы. Қоғамның Басқарма төрағасына жылдық сыйлықақы ҚР ЦДИАӨМ Аэроғарыш комитеті төрағасының 2020 жылғы 16 қазандағы №131/НҚ бұйрығымен бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының атқарушы органы басшысының еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары туралы Ережеге сәйкес төленді.

Қоғамның Басқарма мүшелеріне жылдық сыйлықақы Қоғам Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 04 шілдедегі №2 шешімімен бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары туралы Ережеге сәйкес төленді.

9-БӨЛІМ. ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

Тұрақты даму - бұл қоғамның қазіргі қажеттіліктері болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне нұқсан келтірмей қанағаттандырылатын тәсіл. Бұл барлығының гүлденген болашағын құруға бағытталған экономикалық өсу, әлеуметтік даму және қоршаған ортаны қорғау арасындағы тепе-теңдік тұжырымдамасы.



Тұрақты даму үш компоненттен тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.

1. Экономикалық компонент Қоғамның қызметін ұзақ мерзімді құнның өсуіне, Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құру мен дамытудағы инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.

Қоғам 2024 жылды келесі негізгі көрсеткіштермен аяқтады:

- Жиынтық кірістер 15 804 590 мың теңгені құрады;
- Жиынтық шығыстар 10 552 693 мың теңгені құрады;
- 2024 жылдың қорытындысы бойынша таза пайда 3 801 190 мың теңгені құрады.

Бұл ретте, Қоғам Жалғыз акционерге 2024 жылдың қорытындысы бойынша 2 660 833 мың теңге (таза пайданың 70%) мөлшерінде дивидендтер сомасын жіберді.

Қоғамның қаржылық тұрақтылығы болашақ кезеңдерге белгіленген мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. (Есеп Мемлекеттік тізілім порталында 2025 жылғы 12 тамыздағы № 87970 орналастырылған).

2. Экологиялық компонент биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдануды, экологиялық қолайлы өнім құруды, қалдықтарды барынша азайтуды, қайта өңдеуді және жоюды қамтамасыз етеді.

Қоғам «KazSat» ғарыштық байланыс жүйесінің ресурстарын пайдалана отырып, экологиялық қолайлы өнім жасауға қатысады. «Цифрлық теңсіздікті» төмендету мақсатында Қоғам қазіргі уақытта қоршаған ортаға экологиялық араласусыз, қашықтыққа немесе жердің күрделі географиясына байланысты интернетке қосылудың баламалы жолдары жоқ ауылдарда Интернетке қол жеткізуді ұсынады.

Қоршаған ортаға техногендік әсердің алдын алу мақсатында «Ақкөл» және «Көктерек» ГБО объектілерінің айналасында Қоғам тұрақты негізде өрт және электр қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты басшылар мен тұлғаларды оқытуды жүргізеді. 2024 жылы мамандандырылған оқу орталықтарымен жасалған шарттар шеңберінде Қоғамның 46 қызметкеріне: «Өнеркәсіптік қауіпсіздік»; «Биіктікте жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы»; «Өрт-техникалық минимум»; «Электр қауіпсіздігі бойынша білімді тексеру» курстары бойынша оқыту жүргізілді.

3. Әлеуметтік компонент әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған, олар басқалармен қатар еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмысшылардың денсаулығын сақтау, қызметкерлердің құқықтарын әділ марапаттау және құрметтеу, персоналдың жеке дамуы, персоналға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізуді қамтиды.

2024 жылы «Еңбекті қорғаудың үздік қызметі» номинациясы бойынша еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша конкурста «РГБО» АҚ Қоғам қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен денсаулығына қосқан үлесін мойындау ретінде Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдары арасында екінші орынға ие болды.

Кәсіби даму. Кәсіби дағдыларды, құзыреттерді жақсарту мақсатында қызметкерлерге біліктілікті және кәсіби деңгейді арттыру мүмкіндігі беріледі. Жыл сайын Қоғам қызметкерлерінің



біліктілігін арттыру жоспары бекітіледі, онда қызметкерлердің барлық санаттарын оқыту көзделеді.

Мәселен, 2024 жылы жоспарланған 28 оқыту іс-шарасының жалпы сомасы 11 955 507 (он бір миллион тоғыз жүз елу бес мың бес жүз жеті) теңгеге 28 оқыту өткізілді.

Кәсіби кадрларды сақтау, жоғары өндірістік көрсеткіштерді ынталандыру, еңбек тәртібін нығайту, қызметкерлердің денсаулығын дамыту және нығайту, аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында Қоғамда қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру көзделген.

Қоғам 2024 жылы Қоғам мен «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ арасында жасалған «Науқастанған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру» шарты шеңберінде қызметкерлердің жалпы санынан 179 адамнан тұратын Қоғам қызметкерлері міндетті мерзімді медициналық тексеруден өтті.

Персоналды материалдық және материалдық емес мотивациялау. «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және өзге де көтермелеу туралы Ережеге, Қоғам мен қызметкерлер арасында жасалған Ұжымдық шартқа сәйкес Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, үстемеақылар мен қосымша ақылар, өтемақы төлемдері, сыйлықақы төлеу және материалдық және әлеуметтік көмек көрсету, сондай-ақ Қоғам қызметкерлеріне біржолғы сыйақылар төлеу тәртібі белгіленген.

Мысал ретінде, есепті кезеңде: мониторинг станциясының матрицасы үшін электрондық құрылғыны әзірлегені үшін Д. Дубаневичке бір лауазымдық жалақы мөлшерінде біржолғы сыйлықақы төленді; «Ақкөл» ГБО және «Көктерек» ГБО инженерлік-техникалық персоналының лауазымдық жалақыларын кезең-кезеңімен қайта қарау жүргізілді; жекелеген қызметкерлер «Республикалық ғарыштық байланыс орталығына 20 жыл» мерейтойлық медалімен, Қоғамның Басқарма төрағасының атынан құрмет грамоталарымен және алғыс хаттармен (2024 жыл - 184 қызметкер) марапатталды; 50, 55, 60 жылдық мерейтойлық күндерге бір лауазымдық жалақыға дейін біржолғы сыйлықақылар төленді (2024 жылы - 5 қызметкер); қызметтің жылдық негізгі көрсеткіштерін орындау қорытындылары бойынша қызметкердің үш лауазымдық жалақысына дейінгі мөлшерде сыйақылар төленді; мереке және кәсіби мерекелерге орайластырылған сыйлықақылар төленді.

2024 жылы Қоғамдағы кадрлардың ауысу көрсеткіші 8,3% құрады, бұл персоналды басқарудың жалпы тиімділігін сипаттайды.

Кезең	2023 жыл	Кесте 2024 жыл
Персоналдың тізімдік саны, оның ішінде:	193	197
әйелдер	61	61
ерлер	132	136
Орташа жас	41 жыл	43 жыл
Кадрлардың жалпы ауысуы	9,4%	8,3%

Қоғам өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға ықпалының маңыздылығын түсінеді, мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай

отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз ете отырып, ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтылады. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл тәсілдері Қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін болады.

10-БӨЛІМ. СЫРТҚЫ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ БАР ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қоғамның өткен 2024 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне аудитті «FSG AUDIT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2025 жылғы 20 ақпаннан 31 наурыз бойынша жүргізді (Қосымшаны қараңыз).

Қосымша



«FSG AUDIT» ЖШС
Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы,
Алматы ауданы, Қасым Аманжолов көшесі, 28 үй, 95 пәтер
e-mail: info@fsgaudit.kz
тел.: +7(7172) 25 82 61

ТОО «FSG AUDIT»
Республика Казахстан, 010000, город Астана,
район Алматы, улица Касым Аманжолова, дом 28, кв. 95
e-mail: info@fsgaudit.kz
тел.: +7(7172) 25 82 61

АУДИТОРСКИЙ ОТЧЕТ НЕЗАВИСИМОГО АУДИТОРА

**Акционерам и руководству
АО «Республиканский центр космической связи»**

Мнение

Мы провели аудит финансовой отчетности АО «Республиканский центр космической связи» (далее - «Общество»), состоящей из отчета о финансовом положении по состоянию на 31 декабря 2024 года, отчета о прибылях и убытках, отчета о движении денежных средств, отчета об изменениях в капитале и пояснительной записки, включая краткий обзор основных положений учетной политики.

По нашему мнению, прилагаемая финансовая отчетность отражает достоверно во всех существенных аспектах финансовое положение АО «Республиканский центр космической связи» по состоянию на 31 декабря 2024 года, а также ее финансовые результаты и движение денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, в соответствии с Международными стандартами финансовой отчетности (МСФО).

Основание для выражения мнения

Мы провели аудит в соответствии с Международными стандартами аудита (МСА). Наши обязанности в соответствии с этими стандартами описаны далее в разделе «*Ответственность аудитора за аудит финансовой отчетности*» нашего заключения. Мы независимы по отношению к организации в соответствии с Кодексом этики профессиональных бухгалтеров Совета по международным стандартам этики для бухгалтеров (Кодекс СМСЭБ), и нами выполнены прочие этические обязанности в соответствии с Кодексом СМСЭБ. Мы полагаем, что полученные нами аудиторские доказательства являются достаточными и надлежащими, чтобы служить основанием для выражения нашего мнения.

Ответственность руководства и лиц, отвечающих за корпоративное управление, за финансовую отчетность

Руководство несет ответственность за подготовку и достоверное представление указанной финансовой отчетности в соответствии с МСФО и за систему внутреннего контроля, которую руководство считает необходимой для подготовки финансовой отчетности, не содержащей существенных искажений вследствие недобросовестных действий или ошибок.

При подготовке финансовой отчетности руководство несет ответственность за оценку способности АО «Республиканский центр космической связи» продолжать непрерывно свою деятельность, за раскрытие в соответствующих случаях сведений, относящихся к непрерывности деятельности, и за составление отчетности на основе допущения о непрерывности деятельности, за исключением случаев, когда руководство намеревается ликвидировать организацию, прекратить ее деятельность или когда у него отсутствует какая-либо иная реальная альтернатива, кроме ликвидации или прекращения деятельности.

Лица, отвечающие за корпоративное управление, несут ответственность за надзор за подготовкой финансовой отчетности АО «Республиканский центр космической связи».

Ответственность аудитора за аудит финансовой отчетности

Наша цель состоит в получении разумной уверенности в том, что финансовая отчетность не содержит существенных искажений вследствие недобросовестных действий или ошибок, и в выпуске аудиторского заключения, содержащего наше мнение. Разумная уверенность представляет собой

высокую степень уверенности, но не является гарантией того, что аудит, проведенный в соответствии с Международными стандартами аудита, всегда выявляет существенные искажения при их наличии. Искращения могут быть результатом недобросовестных действий или ошибок и считаются существенными, если можно обоснованно предположить, что в отдельности или в совокупности они могут повлиять на экономические решения пользователей, принимаемые на основе этой финансовой отчетности.

В рамках аудита, проводимого в соответствии с Международными стандартами аудита, мы применяем профессиональное суждение и сохраняем профессиональный скептицизм на протяжении всего аудита. Кроме того, мы выполняем следующее:

- выявляем и оцениваем риски существенного искажения финансовой отчетности вследствие недобросовестных действий или ошибок; разрабатываем и проводим аудиторские процедуры в ответ на эти риски; получаем аудиторские доказательства, являющиеся достаточными и надлежащими, чтобы служить основанием для выражения нашего мнения. Риск необнаружения существенного искажения в результате недобросовестных действий выше, чем риск необнаружения существенного искажения в результате ошибки, так как недобросовестные действия могут включать сговор, подлог, умышленный пропуск, искаженное представление информации или действия в обход системы внутреннего контроля;

- получаем понимание системы внутреннего контроля, имеющей значение для аудита, с целью разработки аудиторских процедур, соответствующих обстоятельствам, но не с целью выражения мнения об эффективности системы внутреннего контроля АО «Республиканский центр космической связи»;

- оцениваем надлежащий характер применяемой учетной политики и обоснованность бухгалтерских оценок и соответствующего раскрытия информации, подготовленного руководством;

- делаем вывод о правомерности применения руководством допущения о непрерывности деятельности, а на основании полученных аудиторских доказательств – вывод о том, имеется ли существенная неопределенность в связи с событиями или условиями, в результате которых могут возникнуть значительные сомнения в способности Общества продолжать непрерывно свою деятельность. Если мы приходим к выводу о наличии существенной неопределенности, мы должны привлечь внимание в нашем аудиторском заключении к соответствующему раскрытию информации в финансовой отчетности или, если такое раскрытие информации является ненадлежащим, модифицировать наше мнение. Наши выводы основаны на аудиторских доказательствах, полученных до даты нашего аудиторского заключения. Однако будущие события или условия могут привести к тому, что АО «Республиканский центр космической связи» утратит способность продолжать непрерывно свою деятельность;

- проводим оценку представления финансовой отчетности в целом, ее структуры и содержания, включая раскрытие информации, а также того, представляет ли финансовая отчетность лежащие в ее основе операции и события так, чтобы было обеспечено их достоверное представление;

- получаем достаточные надлежащие аудиторские доказательства, относящиеся к финансовой информации организаций или деятельности внутри АО «Республиканский центр космической связи», чтобы выразить мнение об финансовой отчетности. Мы отвечаем за руководство, контроль и проведение аудита АО «Республиканский центр космической связи». Мы остаемся полностью ответственными за наше аудиторское мнение.

Мы осуществляем информационное взаимодействие с лицами, отвечающими за корпоративное управление, доводя до их сведения, помимо прочего, информацию о запланированном объеме и сроках аудита, а также о существенных замечаниях по результатам аудита, в том числе о значительных недостатках системы внутреннего контроля, которые мы выявляем в процессе аудита.

Мы также предоставляем лицам, отвечающим за корпоративное управление, заявление о том, что мы соблюдали все соответствующие этические требования в отношении независимости и информировали этих лиц обо всех взаимоотношениях и прочих вопросах, которые можно обоснованно считать оказывающими влияние на независимость аудитора, а в необходимых случаях – о соответствующих мерах предосторожности.

Из тех вопросов, которые мы довели до сведения лиц, отвечающих за корпоративное управление, мы определяем вопросы, которые были наиболее значимыми для аудита финансовой отчетности за текущий период и, следовательно, являются ключевыми вопросами аудита. Мы описываем эти вопросы в нашем аудиторском заключении, кроме случаев, когда публичное раскрытие информации об этих вопросах запрещено законом или нормативным актом, или когда в крайне редких случаях мы приходим к выводу о том, что информация о каком-либо вопросе не должна быть сообщена в нашем заключении, так

как можно обоснованно предположить, что отрицательные последствия сообщения такой информации превысят общественно значимую пользу от ее сообщения.

Дополнительная информация, представляемая с финансовой отчетностью

Как указано в Примечании 4.2 в дополнение к финансовой отчетности АО «Республиканский центр космической связи», составленной в соответствии с МСФО, Общество выпустило следующие формы финансовой отчетности: «Бухгалтерский баланс», «Отчет о прибылях и убытках», «Отчет о движении денежных средств (прямой метод)», «Отчет об изменениях в капитале». Формы утверждены Приказом Первого заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра финансов Республики Казахстан от 1 июля 2019 года № 665 О внесении изменений в приказ Министра финансов Республики Казахстан от 28 июня 2017 года № 404 «Об утверждении перечня и форм годовой финансовой отчетности для публикации организациями публичного интереса (кроме финансовых организаций)» изменениями от 01 января 2020 года, используются исключительно с целью их публикации в средствах массовой информации, могут быть не пригодны для других целей и должны рассматриваться совместно с полным комплектом финансовой отчетности, составленной в соответствии с МСФО.

Аудитор



Валиева Г.Т.

Квалификационное свидетельство аудитора № МФ-0001249 от 09.11.2020 г.

Директор

ТОО «FSG AUDIT»



Валиева Г.Т.

Государственная лицензия юридического лица № 22016106 от 01.09.2022 г.

г. Астана, район Сарайшык, ул. К. Аманжолов, д. 28, офис 95

31 марта 2025 года

Аудит нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың 2025 жылғы 31 наурыздағы оң аудиторлық қорытындысы алынды, ол барлық қолданыстағы аспектілерде, Қоғамның 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылғы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен ҚЕХС сәйкес көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысын нақты көрсетеді.



Приложение
к решению Совета директоров
акционерного общества
«Республиканский центр космической связи»
от «28» октября 2025 года
№ 15/2025

**ГОДОВОЙ ОТЧЕТ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ЦЕНТР КОСМИЧЕСКОЙ СВЯЗИ»
ЗА 2024 ГОД**

г. Астана

СОДЕРЖАНИЕ:

РАЗДЕЛ 1.	Обращение Председателя Совета директоров акционерного общества «Республиканский центр космической связи»	3
РАЗДЕЛ 2.	Обращение Председателя Правления акционерного общества «Республиканский центр космической связи»	5
РАЗДЕЛ 3.	Об акционерном обществе «Республиканский центр космической связи»	7
	Общие сведения	7
	Структура уставного капитала	7
	Миссия	8
	План развития, результаты его реализации	8
	Обзор рынка и положение на рынке	10
РАЗДЕЛ 4.	Результаты финансово-экономической деятельности за отчетный год	12
	Доходы акционерного общества «Республиканский центр космической связи»	12
	Экономические результаты по основным направлениям деятельности акционерного общества «Республиканский центр космической связи»	13
	Финансовый результат	13
РАЗДЕЛ 5.	Структура активов, обзор, основные итоги их финансовой и операционной деятельности	13
РАЗДЕЛ 6.	Цели и планы на будущие периоды	14
	Основные цели на будущие периоды	15
РАЗДЕЛ 7.	Существенные факторы риска и система управления рисками	15
	Основная цель	15
	Основные факторы риска	16
РАЗДЕЛ 8.	Корпоративное управление	19
	Структура корпоративного управления	19
	Состав Совета директоров акционерного общества «Республиканский центр космической связи»	19
	Состав Правления акционерного общества «Республиканский центр космической связи»	23
	Политика вознаграждения членов Совета директоров и Правления	26
РАЗДЕЛ 9.	Устойчивое развитие	28
РАЗДЕЛ 10.	Заключение внешнего аудитора и финансовая отчетность с примечаниями	30

РАЗДЕЛ 1. ОБРАЩЕНИЕ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ЦЕНТР КОСМИЧЕСКОЙ СВЯЗИ»



Уважаемые коллеги, партнеры, клиенты!

Акционерное общество «Республиканский центр космической связи» (АО «РЦКС»/Общество) продолжает свою миссию по вкладу в устойчивое развитие «Цифровой» экономики Республики Казахстан. Благодаря реализации социально значимых проектов, основанных на спутниковых технологиях, мы вносим реальный вклад в устранение «цифрового» неравенства и повышение качества жизни в малонаселенных удаленных селах. В 2024 году обеспечен доступ к Интернету по технологии Wi-Fi HotSpot (общественный WiFi с смс авторизацией) в 176 малонаселенных сельских пунктах Республики Казахстан (СНП РК) с применением спутниковой трансмиссии на базе ресурсов казахстанского космического аппарата «KazSat-3».

В 2024 году АО «РЦКС» завершены все работы по созданию и вводу в эксплуатацию собственной опорной спутниковой сети связи АО «РЦКС» и переводу Услуги по предоставлению широкополосного доступа к Интернету в 176 СНП РК на собственную спутниковую сеть.

Особое внимание в 2024 году было уделено подключению сельских школ, которые ранее оставались вне зоны цифровой доступности. Мы уверены, что доступ к цифровым ресурсам – это основа к качественному образованию и равных возможностей для каждого ребенка, независимо от места его проживания.

Как Председатель Совета директоров Общества выражаю искреннюю благодарность всему коллективу Общества за профессионализм, преданность делу и стремление к высокому результату. Благодаря вашей работе обеспечена штатная эксплуатация космической системы связи «KazSat», АО «РЦКС» остается надежным партнером государства в решении социально значимых задач.

По итогам 2024 года АО «РЦКС» получило чистую прибыль в размере 3,8 млрд. тенге, доход от предоставления услуг космической системы связи и вещания «KazSat» составил 7,6 млрд. тенге, оплачено налогов и других обязательных платежей в бюджет страны 2,8 млрд. тенге.

